

Тақырып 7 дәріс. Мемлекеттік қаржылар саласындағы басқару

Түйінді сөздер: Мемлекеттік қаржылар, мемлекеттік басқару, қаржылық басқарудағы өкілетті органдар және т.б.

Негізгі сұрақтар:

1. Мемлекеттік қаржылар саласындағы басқару қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің институты ретінде: түсінігі, маңызы, нормативтік-құқықтық базасы.
2. Мемлекеттік қаржыларды басқару: түсінігі, басқаруды ұйымдастыру элементтері, принциптері, негізгі міндеттері. Мемлекеттік қаржыларды басқаруды қалыптастырудың және іске асырудың өктем билік, әлеуметтік механизмі мен субъективтік элементтері.
3. Мемлекеттік қаржылар саласындағы басқаруды жүзеге асырудың негізгі әдістері, құқықтық нысандары және өзекті мәселелері. Мемлекеттік қаржылар саласындағы басқаруды ұтымдыландыру критерийі. Қаржыларды басқаруды жүзеге асыратын жалпы және арнайы құзыретті мемлекеттік уәкілетті органдар жүйесі. Қаржылық құзыреттері бар мемлекеттік уәкілеттік органдар қаржылық құрылыстың атқарушы аппараты ретінде. Қаржы жүйесінің қызмет атқаруын қамтамасыз ету. Мемлекеттік қаржыларды басқару барысында инвестициялық белсенділікті ынталандыру, мемлекеттің қаржы жүйесін нарықтық түрлендірулер мен талаптарға сай келтіру және әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономиканы түпкілікті құруды көздеу.

Тезистар:

Қаржылар саласындағы басқару қаржыларды басқаратын мемлекеттік органдардың жүйесін анықтайтын және олардың құзыреттерін белгілейтін қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің институты. Қаржыларды басқаратын органдар жүйесі:

а. Мемлекеттің өкілді органдары:

Қазақстан Республикасының Парламенті жоғарғы заң шығарушы және өкілді орган.
Маслихаттар жергілікті өкілді органдар.

б. мемлекеттің атқару органдары:

жалпы құзыреті:

Қазақстан Республикасының Үкіметі.

әкімдер.

Арнайы құзыретті:

Қаржы министрлігі

Қазақстан Ұлттық Банкі.

Жергілікті әкімшіліктердің қаржылық бөлімдері мен басқармалары.

Министрліктер, ведомстволар және басқа басқарушы орталықтар.

Қаржылық саласындағы басқару:

1. Қаржылық қызметті жүзеге асырушы субъектілердің жүріп тұруына мемлекеттік өкілетті органдардың ұйымдастырушы ықпалы.
2. мемлекет меншігінде жатқан ақша қаражаттарына басшылық ету.
Мемлекеттің қаржылық қызметі:

1. Қазақстан Республикасының инвестициялық қаржылық кешенін дамытуға, қаржы рыногын және ақша жүйесін ұйымдастыруға, оның ішінде ұлттық валюталық жүйені жетілдіруге және қоғамның ақшалай инфрақұрылымның тиісінше жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасауға;

2. Мемлекеттік билік және басқару органдарының, құқық қорғау органдарының, оның ішінде қаржылық құқықтық тәртіпті қорғау органдарының жұмыстары мен қызметінің тиісінше іске асырылуына сондай-ақ отанды қорғау ісі мен елдің қауіпсіздігін және экономикалық егемендігін қамтамасыз етуге қажетті мемлекеттің қаржылық экономикалық әлеуетін күшейтуге;

3. Мемлекеттің қаржылық ресурстарын қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтары мен қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ нарықтық қатынастардың және өркениетті қаржы рыногының дамуына ықпалын тигізуге пайдалану тәрізді негізгі міндеттерді шешуге бағдарланып нысаланған. Осындай жоғарыда аталған бағыттарда қаржылық қызметті басқару жүзеге асырылады.

Нормативтік құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда қабылданған, 2007 жылы өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
 2. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26-желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Президенті туралы Конституциялық заңы.
 3. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 16-қазандағы «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы Конституциялық заңы.
 4. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18-желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы Конституциялық заңы.
 5. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (1994 жылғы 27-желтоқсанда қабылданған Жалпы бөлімі, 1999 жылғы 1-шілдеде қабылданған Ерекше бөлімі) 102-104, 111-112, 117-118, 127-136, 139, 192-193, 196-198, 200-201, 206 және т.б. баптары.
- Қазақстан Республикасының Бюджеттік Кодексі. 24.04.2004 жылы қабылданған ҚР Заңы

Әдебиеттер:

1. Негізгі

1. Химичева Н.Н. Финансовое право. М. БЕК, 1998.
2. Химичева Н.Н. Налоговое право. М. БЕК, 1997.
3. Худяков А.И. Финансовое право Республики Казахстан, Алматы, 2002
4. Худяков А.И. Основы теории финансового права. Алматы, 1995.
1. Худяков А.И. Финансовое право РК. Алматы, 2001.
2. Худяков А.И. Страхование право РК. Алматы, 1997.
3. Худяков А.И. Налоговое право РК. Алматы, 2003.
4. Худяков А.И., Найманбаев С.М. Русско-казахский финансово-правовой толковый словарь. Алматы, 1997.
5. Найманбаев С.М. ҚР қаржылық құқығы. Алматы, 1994.

2. Қосымша

1. Жауриков К.К., Ким Г.В. Государственное страхование в Казахстане. Алматы, 1992.
2. Олейник О.М. Основы банковского права. М: Юрист, 1997.

3. Оспанов М.Т., Мухамбетов Т.И. Иностранный капитал и инвестиции: вопросы теории, практики привлечения и использования. Алматы, 1997.

1. Давыдова Л, Раймонова Д. Банковское право Республики Казахстан. Алматы, 2005.

2. Л. Давыдова, Д.Раймонова. Қазақстан Республикасының банктік құқығы. Алматы, 2006.